



Астана қаласын сумен жабдықтау объектілерінің құрылысы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 5 қаңтар N 1-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің Астана қаласын сумен жабдықтау және су тазарту объектілерін салу туралы тапсырмаларын орындау және астананы сумен жабдықтау жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды шешу мақсатында:

1. Ведомствоаралық сараптық топтың Вячеслав су қоймасынан Астана қаласының сүзгі станциясына дейін суағардың үшінші желісін бірінші кезекте салу туралы ұ с ы н ы с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. А с т а н а қ а л а с ы н ы ң ә к і м і :

"Вячеслав су қоймасынан Астана қаласының сүзгі станциясына дейін суағардың үшінші желісін салу" жобасына заңдарда белгіленген тәртіппен ашық конкурс ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

су есептеу құралдарын орнату, сондай-ақ ауыз суды үнемдеу және

нормадан тыс ысырапқа салуды қысқарту жөнінде жан-жақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Экономикалық жоспарлау комитеті Вячеслав су қоймасынан Астана қаласының сүзгі станциясына дейін суағардың үшінші желісін салу жобасын 1999-2001 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК